

5B010500 – ДЕФЕКТОЛОГИЯ (АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ) МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. 5B010500 – Дефектология (Арнайы білім беру) мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты – Қазақстанның Болон үрдісіне қосылуына байланысты балалардың қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін және қабілеттерін ескере отырып, жалпы, арнайы және инклюзивті білім беру, денсаулықты сақтау және әлеуметтік қорғау жүйесіндегі мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету-педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыра алатын еуропалық стандарттарға сай құзыретті және бәсекеге қабілетті арнайы педагогтарды (дефектологтарды) кәсіби дайындау.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- ғылымның философиялық, тарихи, әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық негіздерін меңгеруі нәтижесінде интегралды ғылыми білімді қалыптастыру, құндылық бағдарлар мен тұлғаның коммуникативті, өзін-өзі ұйымдастырушы, рефлексивті сапаларын дамыту;
- медициналық-психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша базалық білім жүйесін меңгеру негізінде биологиялық және әлеуметтік факторлардың қатынасы мен өзара әрекеттесуін түсінуді қалыптастыру, мамандық бойынша пәндерді зерттеу негізінде алынған білімдерді қолдана білуді дамыту және жетілдіру, кәсіби шығармашылық пен өздігінен білім алуға қажеттілікті ынталандыру.
- диагностикалық-кеңестік, түзету-педагогикалық, ұйымдастыру-басқару, кеңестік-әдістемелік және мәдени-ағартушылық іс-әрекет салаларында кәсіби құзыретті қалыптастыру.

2. Білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде түлектерде қалыптасатын құзыреттіліктер

Берілген мамандық (5B010500 – Дефектология) аясында келесі маманданулар ажыратылады:

5B010501 – Зияты зақымдалған балаларға арналған білім беру мекемелеріндегі мұғалім, олигофренопедагог, логопед.

5B010502 – Логопед, тіл кемістігі бар балаларға арналған бастауыш сыныптың мұғалімі.

5B010503 – Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған білім беру мекемелеріндегі тифлопедагог, бастауыш сыныптың мұғалімі; арнайы психолог.

5B010504 – Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған білім беру мекемелеріндегі сурдопедагог, бастауыш сыныптың мұғалімі; арнайы психолог.

5B010505 – Мектепке дейінгі арнайы мекемелерінде тәрбиеші және әдіскер.

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды мүмкін етеді: - жалпымәдени; - кәсіби; - пәндік.

2.1 Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын *игерген*;

2.1.2 әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу кезінде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі қағидалары мен әдістерін қолдануға *қабілетті*;

2.1.3 ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізетін*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген*;

2.1.4 шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады*;

2.1.5 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар*;

2.1.6 әлеуметтік өзара әрекеттестікті құруда білім беру үрдісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті*;

2.1.7 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;

2.1.8 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінеді*;

2.1.9 дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын қолдана алады; толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене тәрбиесіне дайындық тиісті деңгейге жеткізуге *дайын*.

2.2 Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.2.1 оқу-тәрбие үрдісін оқу тәжірибесінде жүзеге асыруды модельдей алады;

2.2.2 әр түрлі жас кезеңдерінде адамның әрекетін және жүріс-тұрысын реттеудің негізгі ерекшеліктерін біледі, психикалық және психофизиологиялық дамуының жеке ерекшеліктері мен жалпы, арнайы заңдылықтарын ескеру құралдарын қолдана алуға қабілетті;

2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді меңгерген;

2.2.4 түрлі жастағы балалардың әрекетін, қарым-қатынасын, дамуын диагностикалау әдістерін қолдана алуға қабілетті;

2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушылар үшін бағдарламаларын; оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларының білімдерін қолдануға дайын;

2.2.6 балалардың түрлі әрекетін ұйымдастыру қабілетін меңгерген;

2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғаралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгерген;

2.2.8 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды ұстанады;

2.2.9 әлеуметтік-мәдени жағдаяттың даму ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті енгізу тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін меңгерген;

2.2.10 кәсіби міндеттерді шешудегі мамандардың пән аралық және ведомство аралық өзара әрекеттесуіне қатысуға қабілетті;

2.2.11 мүгедектер құқықтары және балалар құқықтары жайлы негізгі халықаралық және отаныдық іс-қағаздарды кәсіби әрекетінде қолдана алады;

2.2.12 сыни ойлау әдісін меңгерген;

2.2.13 инклюзивті білім берудің құндылықтары мен *сенімдерін бөлісе алады*.

2.2.14 өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға қабілетті

2.3 Түлек келесі пәндік құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс:

2.3.1 мүмкіндігі шектеулі балалардың физикалық және жүйке-психикалық даму ерекшеліктерін қадағалау және бағалауды, дамуындағы ауытқулардың анықтау мен айқындау технологияларын және теориялық негіздерін *меңгерген*;

2.3.2 психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады*;

2.3.3 мемлекеттік әлеуметтік саясатты қалыптастыру ұстанымдарын түсіну негізінде медициналық-психологиялық-әлеуметтік-педагогикалық жұмысты болжау мен модельдеу технологияларын және теориялық негіздерін *меңгерген*;

2.3.4 мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өмір сүруіне қолайлы әлеуметтік-қоршаған орталық жән білім беру (кәсіби) жағдайларын ұйымдастыру мен қамтамасыз ету біліктілігін *игерген*;

2.3.5 мүмкіндігі шектеулі балалармен теориялық негіз білімдерін және түзету-педагогикалық әрекет технологияларын қолдануға дайын; олармен қабылданған дағдыларды күнделікті өмірде қолдануды және олардың танымдық әрекетін ынталандыруды, әлеуметтік–маңызды біліктер мен дағдыларды қалыптастыруды, оларда психикалық және сөйлеу үрдістерін дамыту әдістерін *меңгерген*;

2.3.6 өзге мамандармен және мүмкіндігі шектеулі балалардың жанұясымен педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыра алу біліктілігін *меңгерген*.

2.3.7 әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау, білім беру мекемелерінің жағдайында түрлі кемістігі бар балаларды тәрбиелеудің түрлі стратегиялық жолдарының мүмкіндіктерін адекватты *бағалау және түсінуге қабілетті*;

2.3.8 мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтау, даму, оқыту мәселелері бойынша жалпы білім беру педагогтарына және дамуында ауытқуы бар балалар мен ересектерге, олардың ата-аналарына кеңес беру біліктілігін *меңгерген*;

2.3.9 дамуында түрлі ауытқулары бар ерте, мектепке дейінгі , мектеп жасындағы балаларды оқытуды және әлеуметтендіруді, тәрбиелеуді жүзеге асыруға *қабілетті*.

3.2 5B010500 – ДЕФЕКТОЛОГИЯ (Арнайы білім беру) мамандығы бойынша оқу жоспары

Оқыту мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B010500 – Дефектология (Арнайы білім беру) мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
ЖБМОД 1	Жалпы білім беру пәндері модулі	24	1-3
МПК 1.1	Міндетті пәндер компоненті	24	1-3
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс) тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі - B1	4	1
1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3

КПМ 2	Кәсіби пәндер модулі	60	1-8
МПК2.1	Міндетті пәндер компоненті	60	1-8
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Педагогикалық риторика	3	4
2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Психология	5	2
2.1.05	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Шетел тілі – B2	5	2
2.1.08	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.09	Практика - 1	6	4
2.1.10	Практика – 2	9	6
2.1.11	Практика - 3	15	8
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі	144	1-8
МПК3.1	Міндетті пәндер компоненті	81	1-8
3.1.01	Дефектологияның медициналық-биологиялық негіздері I (Сөйлеу, көру, есту мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясы)	5	1
3.1.02	Дефектологияның медициналық-биологиялық негіздері II (Невропатология)	5	1
3.1.03	Дефектологияның медициналық-биологиялық негіздері III (Генетика негіздері, Психопатология)	5	2
3.1.04	Арнайы психология	5	2
3.1.05	Арнайы педагогика	5	3
3.1.06	Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерте жастағы дамуы	4	1
3.1.07	Мектепке дейінгі арнайы педагогика	4	3
3.1.08	Логопедия негіздері	5	3
3.1.09	Бағалаудың критериалдық технологиялары	3	4
3.1.10	Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың психологиялық –педагогикалық диагностикасы	5	3
3.1.11	Ана тілін оқытудың арнайы әдістемесі	5	4
3.1.12	Математиканы оқытудың арнайы әдістемесі	5	4
3.1.13	Қоршаған ортамен таныстырудың арнайы әдістемесі	5	5
3.1.14	Қол өнері мен бейнелеу өнерін оқытудың арнайы әдістемесі	5	4

3.1.15	Мүмкіндігі шектеулі балалардың тәрбие жұмысы	4	3
3.1.16	Кәсіби бағытталған шетел тілі	3	5
3.1.17	Инклюзивті білім берудің басқарушы- ұйымдастырушылық негіздері	5	6
3.1.18	Даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім берудегі АКТ	3	6
	Дипломдық жұмыс	12	8
ЭПК 3.2	Элективті пәндер компоненті	63	5-8
	Барлығы	240	
	Оқытудың қосымша түрлері		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік ел	3	2

1.4 Модуль бойынша ұсынылатын элективті пәндер

№	Модуль және пән атауы	ECTS
3	Мамандану бойынша арнайы пәндер модулі	144
	3.2.01 Мамандану – Олигофренопедагогика	63
3.2.01.01	Зияты зақымдалған балалардың дамуының психологиялық-педагогикалық диагностикасы	4
3.2.01.02	Психикалық дамуы тежелген тұлғаларға білім беру	4
3.2.01.03	Мектеп жасына дейінгі зияты зақымдалған балалармен түзету жұмысы	4
3.2.01.04	Зияты зақымдалған оқушылармен түзету жұмысы	4
3.2.01.05	Ерте жастағы аутизмнің психокоррекциялық технологиялары	4
3.2.01.06	Интеллектуалды және сенсорлы бұзылыстары бар балаларға білім беру (есту және көру бұзылысымен)	5
3.2.01.07	Зияты терең зақымдалған тұлғаларды әлеуметтендіру мен оңалтуда психологиялық- педагогикалық көмек көрсету	5
3.2.01.08	Дамуында терең және күрделі кемістігі бар баланың отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	4
3.2.01.09	Зияты зақымдалған балаларда әлеуметтік-коммуникативтік қабілетті қалыптастыру	5
3.2.01.10	Логопедия	5
3.2.01.11	Түзету ритмикасы	5
3.2.01.12	Зияты зақымдалған балаларды кәсіби-еңбекке баулу	5
3.2.01.13	Арнайы білім беру бағдарламаларын қайта құру және бейімдеу	5
3.2.01.14	Қалпына келтіру және түзете-дамыта оқыту практикумы	4
	3.2.02 Мамандану – Сурдопедагогика	63

3.2.02.01	Есту қабілеті зақымдалған балалар дамуының психологиялық-педагогикалық диагностикасы	4
3.2.02.02	Есту қабілеті зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалармен түзету жұмысы	4
3.2.02.03	Есту қабілеті зақымдалған мектеп жасындағы балалармен түзету жұмысы	4
3.2.02.04	Кохлеарлы имплантациядан кейін балалардың естіп қабылдауын дамыту	4
3.2.02.05	Оқытудың аудиовизуалды технологиялары	4
3.2.02.06	Аудиология және естуді протездеу	5
3.2.02.07	Есту қабілеті зақымдалған балаларды заттық-тәжірибелік оқыту	5
3.2.02.08	Есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытудың техникалық құралдары мен ақпараттық технологиялары	4
3.2.02.09	Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру	5
3.2.02.10	Естіп қабылдауын дамыту	5
3.2.01.11	Есту қабілеті зақымдалған балаларды ауызша сөйлеу тіліне оқыту әдістемесі	5
3.2.01.12	Есту қабілеті зақымдалған тұлғаларды кәсіби еңбекке баулу және әлеуметтік бейімдеу	5
3.2.01.13	Жалпы білім беруде есту қабілеті зақымдалған балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	5
3.2.01.14	Қарым-қатынасты алмастырушы және альтернативті құралдар	4
	3.2.03 Мамандану – Тифлопедагогика	63
3.2.03.01	Көру қабілеті зақымдалған балалар дамуының психологиялық-педагогикалық диагностикасы	4
3.2.03.02	Көру қабілеті зақымдалған балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту	4
3.2.03.03	Көру қабілеті зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің офтальмологиялық-гигиеналық негіздері	4
3.2.03.04	Көру қабілеті зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалармен түзету жұмысы	4
3.2.03.05	Көру қабілеті зақымдалған мектеп жасындағы балалармен түзету жұмысы	4
3.2.03.06	Тифлотехникалық құралдар	5
3.2.03.07	Рельефті-нүктелік шрифттерді оқыту	5
3.2.03.08	Көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау	4
3.2.03.09	Көріп қабылдауын дамыту	5
3.2.03.10	Көру қабілеті зақымдалған балаларды кеңістікті бағдарлауға оқыту	5
3.2.01.11	Көру қабілеті зақымдалған балаларда коммуникативтік іс-әрекетті қалыптастыру	5
3.2.01.12	Инклюзивті білім беруде психологиялық- педагогикалық көмек көрсету	5
3.2.01.13	Көру қабілеті зақымдалған тұлғаларды кәсіби еңбекке баулу және әлеуметтік бейімдеу	5
3.2.01.14	Жеке дамудың жолдарын жобалау	4
	3.2.04 Мамандану – Логопедия	63
3.2.04.01	Зерттеудің логопедиялық технологиялары	4
3.2.04.02	Сөйлеу тілінде кемістігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту	4

3.2.04.03	Логопсихология	4
3.2.04.04	Дислалия кезіндегі логопедиялық жұмыс	4
3.2.04.05	Ринолалия кезіндегі логопедиялық жұмыс	4
3.2.04.06	Дизартрия кезіндегі логопедиялық жұмыс	5
3.2.04.07	Сөйлеу тілінің жылдамдығы мен ырғақтылығының бұзылысы кезіндегі логопедиялық жұмыс	5
3.2.04.08	Сөйлеу тілінің жүйелі бұзылыстары кезіндегі логопедиялық жұмыс (афазия, алалия)	4
3.2.04.09	Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысы кезіндегі логопедиялық жұмыс	5
3.2.04.10	Интонациялық мәнерлі сөйлеу және дауыс бұзылыстары кезіндегі логопедиялық жұмыс	5
3.2.01.11	Әртүрлі білім беру ұйымдарында логопедиялық жұмысты ұйымдастыру	5
3.2.01.12	Әртүрлі ауытқулардағы логопедиялық жұмыс	5
3.2.01.13	Логопедиялық ырғақ	5
3.2.01.14	Логопедиялық практикум	4
	3.2.05 Мамандану – Арнайы мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші және әдіскер	63
3.2.05.01	Мектеп жасына дейінгі балалар дамуының психологиялық-педагогикалық диагностикасы	4
3.2.05.02	Мектепке дейінгі арнайы (түзету) педагогикасы	4
3.2.05.03	«Денсаулық» білім беру саласындағы түзету-дамытушылық іс-әрекет	4
3.2.05.04	«Коммуникация» білім беру саласындағы түзету-дамытушылық іс-әрекет	4
3.2.05.05	«Таным» білім беру саласындағы түзету-дамытушылық іс-әрекет	4
3.2.05.06	«Шығармашылық» білім беру саласындағы түзету-дамытушылық іс-әрекет	5
3.2.05.07	«Қоғам» білім беру саласындағы түзету-дамытушылық іс-әрекет	5
3.2.05.08	Түзету ритмикасы	4
3.2.05.09	Мүмкіндігі шектеулі мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын диагностикалаудың және түзетудің техникалық құралдары	5
3.2.05.10	Логопедия	5
3.2.05.11	Мүмкіндігі шектеулі балаларды мектептегі оқытуға даярлау	5
3.2.05.12	Мүмкіндігі шектеулі мектеп жасына дейінгі балаларда ойынды дамытуыдың теориясы мен әдістемесі	5
3.2.01.13	Мүмкіндігі шектеулі балаларды отбасылық тәрбиелеу	5
3.2.01.14	Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке даму жолдарын жобалау	4